

№13 «Тұлпар» балабақшасы
№3 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы
25.01.2023 ж.

Қатысқандар:

- | | |
|----------------------|-----------------------|
| 1. Керимбекова Г.Б.. | - меңгеруші |
| 2. Каюмова К.Р | - әдіскер |
| 3. Кашина Т.В. | - тәрбиеші |
| 4. Колесниченко М.В. | - тәрбиеші |
| 5. Достанова З.О. | - тәрбиеші |
| 6. Ахметова Л.И. | - тәрбиеші |
| 7. Русакова А.А. | - музыка жетекшісі |
| 8. Кобеева А.Г. | - қазақ тілі мұғалімі |

ТАҚЫРЫБЫ: «I жарты жылдыққа МДҰ жұмысының қорытындысы

Мақсаты: педагогтарды I жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелерімен таныстыру, диагностика қорытындысы бойынша жұмыс істеу бағытын айқындау.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I жартыжылдыққа арналған бағдарламаның орындалу барысы туралы есептер

I жартыжылдықтағы балалардың диагностикаларын талдау (диаграммалар)

2. Балалардың қазақ тілін меңгеру нәтижелері.

3. Ауруды талдау.

Бірінші сұрақ бойынша барлық жас топтарының педагогтары сөз сөйледі.

Музыка жетекшісі Русакова А.А. – барлық жас топтары бойынша I-ші жартыжылдықтағы диагностика нәтижелері туралы баяндады. Дайындық деңгейі және алған білім мен дағдының болуы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Ересек тобының тәрбиешісі Колесниченко М.В.- диагностика көрсеткіштері орташа 71 % құрайды. Бірінші жартыжылдық ағымында балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстары жүргізілді.

Мектепалды тобының тәрбиешісі Кашина Т.В.- жүйелі ұйымдастырылған қызмет, әңгімелесу, жеке жұмыстар есебінен төмен деңгей көрсеткіштері азайды. Мектепалды тобының тәрбиешілері Достанова З.О., Ахметова Л.И.- диагностика нәтижелерін 74% түсінеді және қолданады. Әрі қарай балалармен жеке жұмыс жоспарлануда.

Әдіскер бағдарламалық материалды балалардың ұйғырында деңгейде меңгергенін атап өтті. Төмен нәтижелердің бірқатар себептері бар (жаңадан қабылданған балалар, жиі ауыратын балалар). Төмен көрсеткіш көрсеткен балалармен барлық педагогтар жеке жұмыс жүргізсін.

2. Балалардың қазақ тілін меңгеру нәтижелері туралы қазақ тілі мұғалімі Көбеева А.Г. айтып өтті, мектепалды «Ақбота» тобында қазақ тілі білгірлерінің сайысы өтті.

3. Үшінші сұрақ бойынша медбике Жолжаксинова Л.Қ. Балабақшада өткізіліп жатқан сауықтыру шаралары туралы айтты.

ҚОРЫТЫНДЫ: Оқу жылының II-інші жарты жылдығында айта алатын және түсіну деңгейі бар балалармен келесі жұмыстар жоспарланады: сөйлеу тапсырмалары бойынша жеке сабақтар, дидактикалық ойындар, көркем әдебиеттерді оқу, осы сала бойынша ата-аналармен әңгімелесу және кеңестер өткізу.

ШЕШІМ:

1. 1 жартыжылдықтың диагностикасы бағдарламалық материалдың ұйғарынды деңгейде игерілгенін көрсетеді. Балалармен жұмыс істеудің жеке жоспары құрастырылсын. Мерзімі: - 01.02.2023 ж. Бақылаушы: әдіскер.

2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, сырқаттану мен жарақаттануды алдын алуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасалсын және жақсартылсын.

Мерзімі - тұрақты. Тәрбиешілер. Бақылау Жолжаксинова Л.Қ.

3. Оқу жылының II жартыжылдығында төмен және орта деңгейлі балалармен келесі жұмыстарды жүргізісін: сөйлеу тапсырмалары бойынша жеке сабақтар, дидактикалық ойындар, көркем әдебиет оқу, осы бөлім сала бойынша ата-аналармен әңгімелесу және кеңестер өткізу.

Төрағасы :

Хатшы:



Г.Б. Керимбекова

А.Г. Кобеева